

"Мойынқұм ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Мойынқұм аудандық мәслихатының 2015 жылғы 4 мамырдағы № 34-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық мәслихатының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 10-4 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 сәуірде № 3370 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 қарашадағы № 18-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Мойынқұм аудандық мәслихатының 28.11.2017 № 18-3 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Мойынқұм аудандық мәслихаты **ШЕШІМ КАБЫЛДАДЫ:**

1. "Мойынқұм ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Мойынқұм аудандық мәслихатының 2015 жылғы 4 мамырдағы № 34-2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2642 болып тіркелген, 2015 жылдың 9 маусымындағы "Мойынқұм таңы" газетінде жарияланған") келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасындаларында:

8 тармағы келесі басылымда жазылсын:

"8. Өтініші бойынша біржолғы әлеуметтік көмек:

- жан басына шаққанда орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің 10 еселік көлемінен аспайтын, туберкулез ауруымен ауыратын науқастарды амбулаториялық деңгейде емдеу кезеңінде (дәрігердің ай сайынғы анықтамасымен) ай сайын 21871 (жиырма бір мың сегіз жүз жетпіс бір) теңге көлемінде әлеуметтік көмек көрсетіледі".

9 тармағы келесі басылымда жазылсын:

"9. Өтініші бойынша біржолғы әлеуметтік көмек:

- жан басына шаққанда орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің екі еселік көлемінен аспайтын орташа табысы бар, әлеуметтік мәні бар туберкулез ауруымен ауырып, амбулаториялық жағдайда ем жалғастырушы тұлғаларға 30000 (отыз мың) теңге көлемінде бір жолғы әлеуметтік көмек;

- жан басына шаққанда орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан аспайтын санаттағы азаматтар (отбасылар) үшін әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туындаған жағдайда 30000 (отыз мың) теңге көлемінде және табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтірілгенде 100 айлық есептік көрсеткіш шегінде бір жолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтірілгенде мұқтаж азаматтар бір ай ішінде уәкілетті органға өтініш береді".

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау және интернет-ресурстарында жариялауды аудандық мәслихаттың аумақтың экономикалық дамуы, бюджет және жергілікті салықтар, өнеркәсіп салаларын, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік салаларын дамыту, аумақтық құрылыс, жер учаскесін сатып алу туралы жобаларын қарау, қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнен кейін бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессиясының төрайымы
Қ. Туешиева*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Ш. Исабеков*